

The Concept of the State in Islamic Political Thought: Perspectives of Classical Thinkers

Tungysh Abylov¹, Bainur Yelubayev^{2,*}

¹ Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

² Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

*Corresponding author's email: bainur.yelubayev@gmail.com

Abstract

The question of the state occupies an important place in the history of Islamic political thought, both theoretically and practically. Medieval Muslim thinkers developed profound and systematic views on the essence of political authority, its legal foundations, and the religious and normative aspects of governing society. In this context, the teachings of al-Mawardi, Abu Hamid al-Ghazali, and Ibn Taymiyyah on the state constitute an important intellectual legacy, defining the main directions of Islamic political philosophy. Although these thinkers lived in different historical periods and under different political conditions, the goals of the state and political authority, the relationship between religion and politics, the responsibility of the ruler, and social justice are reflected in their works as common themes. Al-Mawardi views the state as a political institution implementing the norms of Sharia and explains the legal and administrative foundations of the caliphate. Al-Ghazali explains religion and the state as interdependent structures that cannot exist without each other, emphasizing that their harmony is the main guarantee of social order and stability. Ibn Taymiyyah believed that the primary task of political authority is to establish justice and protect the general interests of society. This article, through a comparative analysis, examines the views of these thinkers on the state and determines their contribution to the development of Islamic political thought.

Keywords: Islamic political thought; state; power; al-Mawardi; al-Ghazali; Ibn Taymiyyah.

Received: 02 February 2026

Revised: 18 February 2026

Accepted: 03 March 2026

Copyright: © 2026 by the author.

This article is an open access article distributed under the terms and conditions of the [Creative Commons Attribution \(CC BY\) license](https://creativecommons.org/licenses/by/4.0/).

Исламдық саяси ойдағы мемлекет концепциясы: классикалық ойшылдар көзқарасы

Аңдатпа

Ислам саяси ойының тарихында мемлекет мәселесі теориялық әрі практикалық тұрғыдан маңызды орын алады. Ортағасырлық мұсылман ойшылдары саяси биліктің мәні, оның құқықтық негіздері, қоғамды басқарудың діни-нормативтік өлшемдері туралы терең әрі жүйелі көзқарастар қалыптастырды. Осы тұрғыда әл-Мауарди, Әбу Хамид әл-Ғазали және Ибн Таймияның мемлекет туралы ілімдері исламдық саяси философияның негізгі бағыттарын айқындайтын маңызды интеллектуалдық мұра болып табылады. Бұл ойшылдар әртүрлі тарихи кезеңдер мен саяси жағдайларда өмір сүргенімен, олардың еңбектерінде мемлекет пен саяси биліктің мақсаты, дін мен саясаттың арақатынасы, билеушінің жауапкершілігі және қоғамдық әділеттілік мәселелері ортақ тақырып ретінде көрініс табады. Әл-Мауарди мемлекетті шарифат нормаларын жүзеге асыратын саяси институт ретінде қарастырып, халифат билігінің құқықтық және әкімшілік негіздерін нақтылап көрсетеді. Әл-Ғазали дін мен мемлекетті бір-біріне тәуелді өмір сүре алмайтын, өзара тәуелді құрылымдар деп түсіндіріп, олардың үйлесімділігі қоғамдық тәртіп пен тұрақтылықтың басты кепілі екенін атап өтеді. Ал Ибн Таймия саяси биліктің негізгі міндеті әділеттілікті орнату және қоғамның ортақ мүддесін қорғау деп пайымдайды. Осы мақалада аталған ойшылдардың мемлекет туралы көзқарастары салыстырмалы талдау әдісі арқылы зерттеліп, олардың ислам саяси ойының дамуына қосқан үлесі айқындалады.

Түйін сөздер: исламдық саяси ой; мемлекет; билік; әл-Мауарди; әл-Ғазали; Ибн Таймия.

Концепция государства в исламской политической мысли: взгляды классических мыслителей

Аннотация

Вопрос о государстве занимает важное место в истории исламской политической мысли, как в теоретическом, так и в практическом плане. Средневековые мусульманские мыслители разработали глубокие и систематические взгляды на сущность политической власти, её правовые основы, а также религиозные и нормативные аспекты управления обществом. В этом контексте учения аль-Маварди, Абу Хамида аль-Газали и Ибн Таймийи о государстве являются важным интеллектуальным наследием, определяющим основные направления исламской политической философии. Хотя эти мыслители жили в разные исторические периоды и при разных политических условиях, цели государства и политической власти, взаимосвязь религии и политики, ответственность правителя и социальная справедливость отражены в их работах как общие темы. Аль-Маварди рассматривает государство как политический институт, реализующий нормы шариата, и разъясняет правовые и административные основы халифата. Аль-Газали объясняет религию и государство как взаимозависимые структуры, не способные существовать друг без друга, и подчеркивает, что их гармония является главной гарантией общественного порядка и стабильности. Ибн Таймия считал, что главная задача политической власти – установление справедливости и защита общих интересов общества. В данной статье посредством сравнительного анализа рассматриваются взгляды этих мыслителей на государство и определяется их вклад в развитие исламской политической мысли.

Ключевые слова: исламская политическая мысль; государство; власть; аль-Маварди; аль-Газали; Ибн Таймия.

Кіріспе

Исламдағы мемлекеттік ұйымдасудың пайда болуына қатысты мұсылман ойшылдары мен шығыстанушылар арасында әртүрлі көзқарастар бар. Бір көзқарас бойынша, мемлекет хижрадан (622 ж.) кейін пайда болды және сол кездегі Мәдина қоғамы мемлекеттің барлық белгілеріне толық ие болды. Басқа бір көзқарас бойынша, бұл кездегі ұйымдасу жамағатқа көбірек тән болды, Мұхаммед пайғамбар діни басшылықты орнатты.

Шын мәнінде, осы зерттеуімізде қарастырып отырған ортағасырлық мұсылман ойшылдарының барлығы үлгі ретінде алған тәжірибе, Құран мен Мұхаммед пайғамбардың сүннетінен бастау алатын алғашқы ислам мемлекеті кезеңінде жатыр. Мұхаммед пайғамбар «конституциялыққұжат» деп саналатын Мәдина келісіміндайындау арқылы мұсылмандармен қатар, мұсылман еместерді де қамтитын саяси құрылым құрды. Пайғамбар дәуірі және саяси ұйым одан әрі дамыған төрт халифа кезеңі ислам қоғамдарының мемлекет, басқару және саяси егемендік туралы көзқарастарының негізін қалаған үлгі болып табылады. Әмәуилер мен Аббасилер кезеңдерімен қатар мемлекет институционалданып, сол кездегі жағдайларға, мәдениетке және дәстүрлерге сәйкес белгілі бір құрылымға ие болды.

Ислам құқығы саласында жазылған еңбектерде, әсіресе «әл-Ахкаму ас-Султаныйя» және «ас-Сиясату аш-Шарғийя» жанрларындағы еңбектерде, бір жағынан, саяси билікке қатысты нақты жағдайлар мен тәжірибелерде байқалған ауытқулар ислам қағидалары тұрғысынан бағаланады және Құран мен Сүннетке негізделген саясат пен мемлекет теориясын жасауға әрекет жасалады; екінші жағынан, басым әлеуметтік-саяси жағдайлар мен биліктің қысымын ескере отырып, нақты жағдай белгілі бір мағынада заңдастырылады және мемлекетті түсіну саяси шындықты ислам құқығы тұрғысынан түсіндіру ретінде ұсынылады. Ал, шиизмде мемлекет басшысын тағайындауды сенім мәселесі ретінде қарастыратындықтан, саясатқа қатысты кейбір мәселелер кәламда (ислам теологиясында) да қарастырылады.

Ислам философтары, әсіресе әл-Фарабиден бастап, ислам мәдени тарихы тұрғысынан өте құнды, ерекше саяси философияны дамытты. Олар саясатты тар мағынада құқықтарды бөлетін, әлеуметтік бірлікті сақтайтын және жауапкершіліктерді реттейтін басқарудың физикалық түрі ретінде қарастырумен шектелмеді. Сонымен қатар оны қоғамдағы әрбір адамның рухани дамуының барлық мүмкіндіктерін зерттейтін пән ретінде қарастырды.

Сонымен қатар, «Саясатнама» жанрындағы шығармаларда мемлекет ұғымы құқықтық идеализмнен тыс, объективті тарихи дәстүрлер мен жинақталған тәжірибелерге негізделген институт ретінде ұсынылады.

Осылардан бөлек, әлеуметтанулық әдісті қолдана отырып, мемлекетті табиғи әрі тарихи институт ретінде қабылдағандар да болды. Бұл зерттеуде біз ислам саяси ойы тарихындағы осы әртүрлі көзқарастардың ішінен орта ғасырлардағы ең танымал мұсылман дін ғалымдары – әл-Мауарди, әл-Ғазали және Ибн Таймияның – мемлекет туралы тұжырымдарын салыстырмалы түрде қарастырамыз. Сөзсіз, олардың мемлекет туралы түсінігінің әртүрлі өлшемдерін көру үшін барлық еңбектерін зерделеу орынды болар еді. Дегенмен, бұл зерттеуде біз ғалымдардың мемлекет туралы көзқарасын көрсететін негізгі еңбектерін салыстырмалы түрде қарастырылады. Осылайша, олардың мемлекеттің өмір сүру мақсаты, билік иерархиясы, мемлекет басшысының қандай негізгі сипаттамалары болуы керектігі және мемлекет пен дін арасындағы қарым-қатынас туралы көзқарастары талданады.

Материалдар мен әдістер

Бұл зерттеудің әдіснамалық негізін тарихи-танымдық, салыстырмалы, мәтіндік (герменевтикалық) және нормативтік талдау әдістері құрады. Алдымен тарихи-танымдық әдіс арқылы әл-Мауарди, әл-Ғазали мен Ибн Таймияның мемлекет туралы көзқарастары

олардың өмір сүрген дәуірінің әлеуметтік, саяси және мәдени контекстінде қарастырылды. Бұл тәсіл ислам саяси ойының қалыптасу ерекшеліктерін және аталған ойшылдардың көзқарастарының тарихи негіздерін айқындауға мүмкіндік береді. Зерттеудің негізгі әдісі ретінде салыстырмалы талдау қолданылды. Атап айтқанда, әл-Мауардидің «әл-Ахкам ас-Султанийа», Әл-Ғазалидің «ат-Тибру әл-Масбук», Ибн Таймияның «ас-Сиясату аш-Шарғийа» сияқты еңбектеріндегі мемлекет, билік, басқару, әділет, мемлекет басшысының міндеттері мен жауапкершілігі мәселелері өзара салыстырыла отырып талданады.

Герменевтикалық талдау әдісі арқылы классикалық дереккөздердегі негізгі ұғымдар мен тұжырымдар мазмұндық тұрғыдан зерделенді. Авторлардың қолданған категориялары ислам құқықтық және саяси ой жүйесі шеңберінде интерпретацияланады.

Зерттеу барысында нормативтік-саяси талдау әдісі де пайдаланылды. Бұл әдіс мемлекет пен билікке қатысты көзқарастарды исламдық құқықтық-діни қағидалар негізінде бағалауға, олардың теориялық және практикалық маңызын анықтауға мүмкіндік береді. Нәтижесінде зерттеу әдіснамасы Мауарди мен Низамүлмүліктің мемлекет туралы көзқарастарын кешенді түрде талдауға және олардың ислам саяси ойы тарихындағы орнын айқындауға бағытталды.

Нәтижелер және талқылау

Ислам құқығы тұрғысынан мемлекет тақырыбын алғаш қарастырған ғалымдардың басында Әбу-л-Хасан әл-Мауарди (974-1058) келеді. Әл-Мауарди көптеген дін ілімдерін меңгерген ғұлама болған. Дегенмен оның кәсіби қызметі исламның құқықтық жүйесі мен теологиясы жайлы еңбектер жазумен ғана шектелмеді. Ол өз білімін Аббаси халифаларына қызмет ету барысында іс жүзінде пайдаланды. Әл-Мауардидің саясат пен құқық саласындағы ең атақты еңбегі «Әл-Ахкаму ас-султанийа уа әл-уилайату ад-динийа» («Билік үкімдері және діни басқару») деп аталады. Бұл еңбек сүнниттік саяси доктринаның нақты мазмұндамасы болып саналады. Халифат туралы ілімнің теоретиктері аталған еңбекке әрдайым әл-Мауардиден соң сілтеме жасап отырады. Трактат, жалпы алғанда, мұсылмандық саяси ойға күні бүгінге дейін әсер еткен «ислам мемлекеті» теориясын түсіндірмек болған алғашқы талпыныс ретінде қабылданады. Сонымен қатар, Әл-Мауардидің саясат туралы «Насихатул-Мулук» («Патшаларға насихат»), «Ташил ән-назар уа таъжил әз-зафар фи ахлақил-мулки уа сиясатил-мулк» («Билік ахлағы мен билік саясаты туралы көзқарасты оңайлату және жеңісті тездету»), «Қауанин әл-уизарати уа әс-сиясату әл-мулки әу әдәбу әл-уәзир» («Уәзірлік заңдары және билік саясаты немесе уәзірдің әдебі») атты еңбектері бар (Salman, 2001, p. 208).

Әл-Мауарди мемлекеттің қызмет ету шарттарының бірі ретінде қоғам өмірінің барлық аспектілерін қамтитын бәріне ортақ әлеуметтік әділеттілікті атап көрсетеді. Бұл принцип елдегі азаматтар арасындағы өзара қарым-қатынаспен қатар, билік пен халық қарым-қатынасының негізінде жатыр. Діннің ережелері және күшті билеуші қамтамасыз ететін әлеуметтік әділеттілік принципіне сәйкес, әрбір мемлекет азаматы елдің кез-келген түкпірінде өзін қауіпсіз сезінуі тиіс. Дін, күшті билеушінің билігі және әлеуметтік әділеттілік принципі азаматтар жағдайының жоғарылауына, бақ-дәулетке жетуіне мүмкіндік жасайды. Осы аталған факторлар өз кезегінде елдің дамуы мен ішкі тұрақтылығына себеп болады.

Әл-Мауарди мемлекеттегі халықтың қарым-қатынасының моралдық қырына үлкен мән берді. Әрбір адамның қайырымды іс жасауы мен басқаларды соған ынталандыру принципін ол негізгі мораль ретінде санады. Сондай-ақ, әрбір адам жаман істерді жасамауы және оны басқалардың жасауына бөгет болуы тиіс. Бұл мемлекет халқының қарым-қатынасында маңызды орын алатын моралдық қағиданы әл-Мауарди Құран аятына (Qur'an, 3:104) негіздейді, онда былай делінеді: «Сендердің араларында жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыятын бір қауым болсын...».

Мемлекетті басқару үшін мемлекеттік қызметкерлердің иерархиясы қажет. Билік сатысының басында халифа тұрады және оған барлығы бағынады. Мауарди халифаның қызметіндегі лауазымды тұлғаларды төрт негізгі санатқа бөледі: жалпы әкімшілік билігі бар халифаның наибі уәзірлер; белгілі бір аумақтарда нақты әкімшілік билігі бар провинциялардың, аймақтардың және қалалардың әкімдері (әмірлері); жалпы мәселелерде арнайы әкімшілік билігі бар бас қазы, бас қолбасшы, шекара қорғаушылары мен салық және зекет жинаушылар; ел немесе аймақ ішіндегі нақты мәселелерде арнайы әкімшілік билігі бар қазылар, салық және зекет жинаушылар, шекара қорғаушылары және әскер қолбасшылары (Al-Māwardī, 1979a, pp. 55–56).

Мемлекет басшысының қолында, әл-Мауарди бойынша, діни және зайырлы билік қатар шоғырланады. Оның мемлекеті халифалық деп аталады, ол болмайынша, діни ережелер мен заңдар толық орындалмайды. Халифа билігі қоғамдық тұрақтылық үшін қажетті. Халифаға халық Құран аятына (Qur'an, 4:59) сәйкес бағынуы тиіс: «Уа, имандылар! Аллаға бағыныңдар, Пайғамбарға бағыныңдар және сондай-ақ өз араларындағы билік иелеріне де...».

Мемлекетте халифаның болуы маңыздылығына байланысты әл-Мауарди, оны сайлау да аса маңызды іс деп санайды. Сайлау халықтың арнайы өкілдері (Асхабу әл-Ақд уә әл-Хәл) арқылы жүзеге асады. Бұлар халық сеніміне ие болған сауатты және әділ адамдар болуы керек. Сондай-ақ халифаның орын тағына үміткер де белгілі бір талаптарға сәйкес болуы тиіс. Өз кезегінде үміткер әділ, ел басқару ісін білетін және Құран мен Сүннет бойынша үкім ете алатын адам болуы қажет. Сонымен қатар, халифа барлық мемлекет басқаруға қажетті – батылдық, төрелік, мемлекетті қорғай алу қасиеттеріне ие болуы керек. Үміткердің денсаулығына да мән беріледі. Оның дені сау және тәндік ақаулары болмауы тиіс. Соңғысын әл-Мауарди исламның сеніміне байланысты халифа болуға лайықты үміткердің Мұхаммед пайғамбардың руы – құрайыштан шығуы шарт деп санайды (Al-Māwardī, 1979a, pp. 4–5).

Халифаның бекітілуі сайлаушылардың ортақ шешімі нәтижесі мен олардың тарапынан адалдық антын (байғат) беруі арқылы жүзеге асады. Дегенмен әл-Мауарди атадан балаға қалатын билік түрінің жоғарыда аталған шарттарға сәйкес келсе заңды болатындығын айтады. Өйткені әл-Мауарди өмір сүрген заманда бүкіл мұсылман әлемінде билік тек династиялық жолмен берілетін монархияларға ауысқан еді.

Халифа сайланғаннан соң, келесі қызметтерді атқаруға міндетті болады:

- Шарият ережелерінің жүзеге асуын қамтамасыз етеді. Халифа Құранға сәйкес болған және мұсылман үмбетінің барлық беделді ғалымдары бір ауыздан келіскен діннің талаптарын дамытуға міндетті. Оның міндетіне дін тазалығы үшін күресу мен оған енетін жаңалықтардан (бидғат) сақтау да кіреді;
- Азаматтардың жеке меншіктері мен дүние-мүлкін кез-келген заңсыз тартып алудан қорғау;
- Бүкіл халықты өмір сүруге қажетті негізгі құралдармен қамтамасыз ету;
- Мемлекетті сыртқы шабуылдан қорғау және шекараны бекіту;
- Жаудың шабуылы кезінде әскери істі жүргізу;
- Салық түрлерін (зекет, жизья т.б.) жинауды ұйымдастыру;
- Өз қызметтерін асыра пайдаланбаулары үшін мемлекеттік қызметкерлерді жеткілік ті деңгейде бақылау;
- Кедей-міскіндерді діннің бекіткен әлеуметтік төлемдерімен қамтамасыз ету;

– Барлық негізгі мемлекеттік және діни міндеттерді өзі атқаруы және басқалардың сатқындығынан сақтану үшін оларды ешкімге тапсырмауы (Al-Māwardī, 1979a, pp. 22–23).

Әл-Мауардидің теориясында мұсылман мемлекеті басшысының құзыреті кең болғанымен, абсолютті емес. Себебі үмбет келісімі бойынша халифаға (имамға) тек атқарушы және сот билігінің белгілі бір бөлігі ғана тапсырылады. Бірақ халифа заңнаманы құруда бастамашылдық құқыққа ие бола алмайды, өйткені мұсылман мемлекетінің басты заңы шарифат болып саналады. Шарифат – қасиетті өзгермес заң, ал халифа оған өзгертулер мен толықтырулар енгізе алмайды деп есептеледі. Сонымен қатар халифаның дін ғалымдарының (муджтаһидтердің) келісімімен немесе пәтуалар негізінде саяси-құқықтық және сот мәселелерінде жарлық шығаруға мүмкіндігі болады. Халифа билігі абсолютті сипатқа ие емес, ол бәрінен бұрын мемлекеттегі негізгі діни заңға бағынуы тиіс. Осылайша халифа билігінің шекарасы белгіленеді. Алдымен ол шарифатқа бағынуы тиіс, сосын осы билікті сеніп тапсырған мұсылман үмбеті алдында жауапкершілікті мойнына алады. Әл-Мауарди бойынша, осы арқылы халифаның қызметі діни заңды сақтауға бағытталады.

Халифа өз міндеттерін орындау кезінде қоғамның мойынсұнуы мен көмегіне ие болуы керек. Ол үшін халифа әділеттіліктен ауытқымауы және ешқандай физикалық кемістігі болмауы керек (Al-Māwardī, 1979a, pp. 55–56). Халықтың міндетіне халифаға сөзсіз бағыну мен оны қолдау кіреді. Алайда мұндай сөзсіз бағыныштылыққа халифа халық тарапынан ие болуы үшін істе діни заңдарды толық жүзеге асыруы тиіс. Егер халифа діни ережелерді өз нәпсісіне беріліп, ашық бұза бастаса, оның өз лауазымына лайықтылығы мәселесі туындайды. Дегенмен бұл негативті фактілерді тиянақты зерттеп, дәлелдеу қажет. Сонымен қатар, халифаның билікте қалуының құқықтық қуаттылығы екі жағдайда әлсірейді: егер онда анық физикалық кемшіліктер болса және ол өз ісінде басқаларға тәуелді болып, қуыршақ билеушіге айналса.

Әл-Мауарди мемлекетте халифадан басқа үлкен құзыретке ие, оның кеңесшілері мен шешімдерін орындаушы ретінде уәзірлерді атайды. Уәзір халифаға бағынышты тұлға, соған қарамастан белгілі бір билік пен басқарудың түрлеріне ие болады. Халифа биліктің басты тұлғасы болғанымен, ол билік қызметін басқалардың көмегінсіз жалғыз атқара алмайды. Осы қызметтерді негіздеу үшін ойшыл «өкілетті уәзірлік» (уизарату ат-тафуид), «атқарушы уәзірлік» (уизарату ат-танфиз), сондай-ақ әмірлердің билігіне қатысты «имарату әл-истикфа», «имарату әл-истила», «имарату әл-хасса» терминдерінің мағыналарын нақтылау қажет деп санады. Бұл олардың құзыретінің аясын белгілеп, болуы ықтимал келіспеушіліктер мен негізсіз айыптаулардың алдын алуға мүмкіндік береді.

Әл-Мауарди өзінің «Қауанину әл-Уизара» атты шығармасында оның қызметтік құзыретін айқындайтын «уәзір» сөзінің үш мағынасы барын айтады.

1. Уизр (жүк). Уәзір халифаның кеңесшісі болғандықтан оған жауапкершіліктің үлкен салмағы түседі.
2. Азр (арқа). Арқаның тәнді ұстап тұратыны секілді уәзір мемлекетті ұстайды.
3. Уазар (пана). Уәзір – халифаның қиын жағдайларда кеңес сұрайтын панасы (Al-Māwardī, 1979b, pp. 137–138).

Мемлекеттегі уәзірдің елеулі қызметіне байланысты, оның аталмыш лауазымға лайықты болуы үшін белгілі бір қасиеттерге ие болуы керек. Алдымен ол тақуа, әділ адам болуы керек. Халифаның уәзірді тағайындағаннан соң, оған басты міндет атқарушылық қызметті жүзеге асыратын қажетті кадрлерді таңдау жүктеледі.

Әл-Мауарди уәзірлердің екі санатын атайды:

1. Уизарату ат-Тафуид. Бұл санат кең құзыретке ие, кейбір мемлекеттік істерді шешуде халифадан тәуелсіз әрекет ете алады. Дегенмен оның қызметі халифаның тарапынан бақылауда болады. Әл-Мауарди бұл уәзірлік түрінде уәзір зиммиден (елдің мұсылман емес халқы) де бола алатындығын айтады.

2. Уизарату ат-Танфиз. Бұл санаттың құзырет аясы шектеулі, тек атқарушылық қызметті іске асырады. Олар елде халифаның бұйрықтарының іс жүзінде жүзеге асуына жауапты. Өздігінен шешім қабылдау құқығы оларда жоқ. Уизаратут-Танфизде уәзір тек мұсылман ғана бола алады (Al-Māwardī, 1979b, p. 138).

Барлық уәзірлер ер жынысынан болуы керек және өз міндеттерін адал атқаруы тиіс. Уәзірлер халифамен қарым-қатынасы ашық болып, оны қолдап, оған қарсы шығатын істерден алыс болуы қажет.

Әл-Мауарди, аймақ басшыларына да үлкен құзырет берілуі керек дейді. Олар зекеттің жиналуына, сеніп тапсырылған әскери жасақты басқаруға, діни заңдарды бұзушыларды жазалау шараларын орындауға, жұма намаздарын өткізуге жауапты болады.

Әл-Мауарди өз еңбегінде сол дәуірде орын алған саяси билік қатынастарының шынайы көрінісіне қарама-қарсы түрдегі жағдайды сипаттайды. Себебі ол кезеңде Аббаси халифасының билігі әбден әлсіреген еді. Әл-Мауарди Аббасилердің билігі мен беделін қайта қалпына келтіруге тырысып, халифаны шын мәніндегі «иман етушілердің әмірі» деңгейіне қайтарғысы келеді. Осылайша халифа өмірде шынайы билеуші болмағанымен, теориялық тұрғыдан қайтадан жеке-дара билік иесіне айналады (Helmiati, 2021). Басқаша айтқанда, Әл-Мауарди нақты өмір сүруші мемлекетті емес, мұсылман мемлекетінің үлгісіне көп мән берген. Сонымен қоса, нақты орын алған жағдайға байланысты жобаның жүзеге асуының қиыншылығын түсіне отырып, ол өз теориясына саяси тәжірибе элементтері: халифа мен әмірлер қарым-қатынасын, қиын жағдайларға қарамастан халифаның мұсылман үмбетінің басшысы болып қалу мүмкіндігі немесе оның билікті тартып алушы күшке қатынасын қосқан.

«Худжату әл-ислам» (Исламның дәлелі) атанған келесі ғұлама Әбу Хамид әл-Ғазали (1058-1111) орта ғасырлық мұсылман ойшылдарының арасындағы ең атақтыларының бірі. Ол 130-дан астам діни-философиялық шығармалардың авторы. Ол өз еңбектерінде мемлекеттің қызметі мен құрылымы, саясат пен мораль мәселелеріне көп көңіл бөледі. Оның еңбектеріндегі идеялар тек мұсылман ғалымдарына емес, еуропалық христиан ғалымдарына әсер етті (Sandybaev, 2020, p. 68). Мемлекет туралы Ғазалидің танымал шығармаларының бірі «Ат-тибру әл-масбук фи насихати әл-мулук» деп аталады.

Ғазалидің мемлекет жайлы көзқарастарында этика мен мораль мәселесіне маңызды орын берілген (Breidy, 2025). Ол ислам дінінің ережелеріне құрылған тиісті моральдық қасиеттерсіз әділетті мемлекетті құру мен оны басқару мүмкін емес деп есептеді. Діни және дүниелік нәрселер, дін мен саясат Ғазалиде бір-бірімен ажырамас байланыста болады. Сонымен қатар оның көзқарастарынан сопылық құндылықтарды байқауға болады.

Ғазалидің айтуынша, ең жақсы билеушілер мен саясаткерлер Құдайдың елшілері – пайғамбарлар болған. Себебі олар туындаған мәселелердің экзотерикалық (сыртқы, анық) және эзотерикалық (ішкі, жасырын) аспектілерін біліп, әділ шешім қабылдап отырған. Ал халифа, сұлтан сияқты басқа билеушілер мемлекет қызметінің тек экзотерикалық жағын ғана біледі. Сондықтан Ғазали мемлекет істерін жүргізуде дін ғалымдарының рөліне аса үлкен мән береді. Ғалымдар – пайғамбарлардың мирасқорлары, оларға бағынған дұрыс. Фақиһтер мен ғұламалар билеушілердің кеңесшілері ретінде мемлекеттік билік сатысында маңызды орын алады (Şeker, 2008, p. 44). Бұл тұста данагөй философтар басқаратын идеалды

мемлекетті елестеткен ежелгі грек ойшылдары философиясының элементтері көрініс беруі мүмкін. Осыған ұқсас принциптер әл-Фараби философиясында да бар.

Ғазали билеушінің күшті билігінің жақтаушысы болса да, тирандық басқаруға қарсы болды. Билеушінің күші мен алғырлығы әділеттілік секілді жағымды қасиеттермен астасып жатуы керек. Әділеттіліктің өзі дін қайнарларынан бастау алады. Сондықтан дін билеуші дүниетанымының негізі болып табылады және ол оны қорғау үшін барлық күшін салуы қажет. Егер билеушіде әділдік болса, онда халық та дамып, көркейеді. Ол болмаса, күйзеліс пен құлдырауға ұрынады (Şeker, 2008, p. 39).

Билеуші кейде өз-өзіне әділетсіздік жасауы мүмкін. Құдай алдында тәубаға келетін болса, бұл әділетсіздіктің халыққа қатысы болмағандықтан ол кешіріледі. Дегенмен патшаның әділетсіздігі халыққа қатысты болуы да мүмкін. Мәселен, патшаның күштілердің әлсіздерге, байлардың кедейлерге әлімжеттік жасауына жол беруі сияқты. Мұндай әділетсіздікті Алла кешірмейді. Барлық билеушілер мемлекеттік қызметке лайықты емес адамдарды орнынан алып, жұмысқа тура жолдағы тақуалар мен ғалымдарды, лайықты тұлғаларды тартуы тиіс. Әділетсіздіктің кез-келген көрінісімен күресу әрбір билеушінің негізгі міндеті болып табылады.

Билеушілерге тән қасиеттердің ішінде фақиһтер мен ғұламалармен қарым-қатынаста болу да жатады (Şeker, 2008, p. 71). Сондай-ақ ниеті түзу емес адамдардан алыс болып, ашуға берілуден сақтануы, халқының жағдайын біліп, оларда туындаған мәселелерді шешіп отыру тиіс. Мемлекетте тәртіптің сақталуы үшін күштік құрылымдары болуы қажет.

Ғазали осы еңбегінде патшаларға өз уақыттарын сауық-сайранмен өткізбеулерін немесе оларды өте аз мөлшерде ғана рұқсат етулерін насихат ретінде айтады. Себебі шектен тыс тойдumannың халық пен мемлекетке зияндылығының шаш етектен асатындығын ескертеді.

Ғазали теократиялық мемлекеттің жақтаушысы болды. Ол сұлтандарды «Алланың жердегі көлеңкелері» ретінде қарастырды (Al-Ghazālī, 1988, p. 43). Осыған байланысты ол Құдай адамзатқа биліктің екі түрін берді деп санаған. Біріншісі – адамдарға құтқарылу жолын көрсететін пайғамбарлардың рухани және мемлекеттік идеалды билігі. Ал екіншісі – мемлекеттің дұрыс жұмыс істеуіне жағдай жасап, онда бүліктің орын алмауын қадағалайтын сұлтандар, патшалар мен халифалардың билігі. Бұл қасиеттер билеушіге Құдай тарапынан беріледі. Сондықтан мемлекеттің әрбір тұрғыны патшаға бағынып, оның бұйрықтарын орындауы керек. Билеушілерге қарсы бүлік бастауға жол берілмейді.

Ғазали мемлекеттің негізгі функциялары ретінде азаматтардың өміріне, ары мен абыройына, жеке меншігіне қол сұғылудан қорғауды атайды. Мемлекетте әлеуметтік теңсіздік жойылып, тұрғындарға бұл дүниелік және ақыреттік өмірге қажетті жағдай жасалуы керек.

Ғазали мемлекетті дұрыс басқармау, надандықтың белең алуы, жоғары билік эшалондарында қабілетті кадрлардың болмауы елді құрдымға сүйрейді. Билікті надан адамдарға тапсыру азғындыққа алып келеді, қоғам ахлақи тұрғыдан төмендейді де, нәтижесінде мемлекеттің құлауына себеп болады деп есептейді.

Әл-Мауарди сияқты Ғазали де имам-халифаның тұлғасына және мемлекет басшысына лайықтылық критерийіне мән берді. Бұл критерийлерді Ғазали тума және жүре пайда болған деп екіге бөледі. Үміткердің тума қасиеттері: 1) балиғат жасында болу, 2) ақыл-есі түзу болу, 3) азат болу, 4) ер жынысты болу, 5) құрайыш руынан болу, 6) денсаулығының (есту және көру қабілетінің) болуы. Жүре пайда болатын қасиеттерге келесілерді жатқызады: 1) батылдық, 2) кемелдік, 3) тақуалық, 4) ғалымдық (Al-Ghazālī, 2001, pp. 162–173).

Ғазали мемлекеттік билік сатысындағы маңызды орынды уәзірлерге береді. Уәзір –

патшаның сүйеніші және оның кеңесшісі. Сондықтан ол тақуа, қайырымды, сауатты және әділ адам болуы керек. Патшаның қателіктерін аңғарған кезде ол оларды абайлап түзетіп жіберуі, оның сырларын сақтауы, халықты басқару істерінде оған көмекші болуы керек. Сол арқылы қоғамда әлеуметтік әділеттілік пен ахлақтың бекуіне жағдай жасауы керек. Соған сәйкес, Ғазали уәзірдің бірінші кезекте білімді, тәжірибелі және батыл адам болуы қажет деп санады. Бұл қасиеттерсіз ол өз міндеттерін толық атқара алмайды (Al-Ghazālī, 1988, pp. 83–84).

Исламдағы саяси ойға сүбелі үлес қосқан тұлға атақты ғұлама фақиһ Тақиаддин Ахмад ибн Таймия (1263-1328) еді. Ибн Таймия ислам мемлекеттілік тарихындағы ең ауыр кезеңде өмір сүрді. Мұсылман елдері ол кезеңде Монғол шапқыншылығының ауыр зардаптарынан әлі айыға қоймаған болатын. Монғол шапқыншылығынан мұсылман мемлекеттілігімен қатар, мәдениеті мен ғылымы ауыр соққы жеген еді. Сунни ислам билігінің рәмізіндей болған Ирактағы Аббаси халифаты өмір сүруін тоқтатты. Мауаридидің тұсында басталған әлеуметтік-саяси дағдарыс, ибн Таймияның тұсында одан сайын өршіді және ислам әлемін толық құлдырауға алып келді.

Ибн Таймия өзінің барлық саналы ғұмырын ислам әлемінде орын алған осы апаттардан шығу жолдарын іздестіріп, бұрынғы ұлылықты қайта жандандыруға арнады (Alsuhaymi & Atallah, 2025). Әрине, оның дүниетанымының негізі ислам діні болды. Діннен ол өмірдің барлық салаларын құтқарудың жалғыз жолын көрді. Алайда, Мұхаммед пайғамбар дүниеден өткен соң бірнеше ғасырдан кейін ислам біртұтас ілім сипатынан айрылып, түрлі ағымдар мен мәзһабтарға бөлініп кеткен еді. Ибн Таймия мұндай бөлінушілік исламның қайта жандануына ешбір мүмкіндік бермейді деп санады. Сондықтан да ол орын алған қиын жағдайдан шығудың жолы мұсылмандардың алғашқы буыны ұстанған біртұтас дінге қайту деп санады. Бұл идеяның жақтаушысы ретінде ол ислами мұраларды қайта сараптай отырып, көптеген дүниетаным және құқық тақырыбындағы шығармалар жазды. Мәзһабқа бөлінушіліктің исламға қауіпті деп санағандықтан, халықтың шынайы дін идеалдары негізінде бірігуін қалады. Ибн Таймия дінге кейіннен енген бидғаттарды (жаңалықтарды) және ортодоксалды емес діни ілімдерді ауыр сынға алды (Ibn Taymiyyah, 2005, pp. 53–58).

Ибн Таймия мемлекет, оның құрылымы мен қызметі жайлы проблемаларға аса үлкен мән берді. Ибн Таймия өзінің мемлекет, саясат жайлы көзқарастарын «ас-Сиясату аш-Шарғийа» атты кітабында жазады. Оның бұл саладағы көзқарасына қатты әсері тигізген өзінің замандасы, монғолдарға тойтарыс берген Мысыр мен Шамдағы Мәмлүк сұлтаны Бейбарыс болды. Басқа мұсылмандар сияқты Ибн Таймия да Бейбарыстың батырлығына шексіз риза болған. Ибн Таймия бұл сұлтаннан ислам әлемінің қайта жандану процесінің басталуы үлгісін көрді (Ali-zade, 2004, p. 196).

Ибн Таймияның пікірінше, мемлекет құру негізгі мақсат емес, ол тек діни мақсаттарға жету құралы. Мемлекет және оның басшылығы дін мен Құдайдың бұйрықтарын орындауға міндетті. Дінді орнату мемлекеттік билік арқылы мүмкін болады. Тиісінше, мемлекет – мұсылмандардың осы дүние мен ақыретке қатысты істерін жүзеге асыратын механизмнің атауы (Eryiğit, 2018, p. 75).

Ибн Таймия мемлекеттің міндетті түрде билеуші (халифа, сұлтан) арқылы басқарылуы керектігін айтады. Мемлекетте билеушінің болуы маңыздылығы соншалықты, тіпті «биліксіз бір түннен, нашар билеушімен болған алпыс жылдың жақсы екендігін» айтады. Бірақ патшаның жалғыз өзі мемлекеттік басқарумен айналыса алмайды. Сондықтан әркім өз міндетіне жауапкершілігін сезінетін билік иерархиясы қажет. Бұл иерархияны елді басқару үшін тиісті кадрларды таңдаудың маңыздылығын білетін билеуші таңдайды. Егер ол нағыз лайықты басқару кадрларын таңдай алмаса, онда оның жеке беделімен қоса мемлекеттің түрлі салаларына қауіп төнеді. Осы тұста Ибн Таймияның тағы бір қызықты көзқарасы алға

шығады. Оның айтуынша, бір уақытта әр түрлі мұсылман елдерінде бірнеше халифа бола алады (Ekinici & Pilatin, 2025, p. 204).

Сондай-ақ Ибн Таймия мемлекеттің күшті және жеткілікті деңгейде материалдық базасы болуы керектігін айтады. Ол мемлекетті қорғауға және барлық азаматтардың құқықтық қорғалуына үлкен мән берді. Сол себепті атқарушы сот және әкімшілік органдарға ол шариғат принциптеріне негізделген моралдық талаптар қояды.

Барлық ішкі және сыртқы саяси сәтсіздіктер, соғыстардағы жеңілістерге себеп болады. Сондықтан Ибн Таймия мемлекеттік тәртіпті құрудың тек Мұхаммед пайғамбардың және алғашқы төрт халифаның мемлекетті басқару үлгісіне негіздеуді баса айтады. Бұл кезеңді ол шынайы және кемшіліксіз исламдық басқару деп санайды (Anjum, 2012, pp. 8–9). Мемлекеттік басқару жүйесінің негізін қалаушы принцип ретінде келесі Құран аяттарын келтіреді: «Негізінен Алла сендерге аманаттарды өз лайықты орнына тапсыруларыңды және адамдардың арасына билік қылсаңдар, әділдікпен билік қылуларыңды әмір етеді. Расында Алла сендерге нендей жақсы уағыз береді. Шәксіз Алла, толық естуші, тым қырағы. Әй мүміндер. Аллаға бой ұсынып, Пайғамбарға әрі өздеріңнен болған әмір иелеріне бой ұсыныңдар. Сонда егер бір нәрсеге талассаңдар, оны Аллаға, пайғамбарға ұсыныңдар: Егер сендер Аллаға, ақырет күніне иман келтірген болсаңдар. Міне осы, қайырлы да нәтижеде жақсы» (Qur'an, 4:58–59).

Ибн Таймия ел басшысы ретінде сауатты және тәжірибелі, барынша лайықты адамды дұрыс таңдауға үлкен мән береді. Билік оған ұмтылатындардың емес, мемлекетті дін рухына толық сәйкес басқара алатындардың қолында болуы керек. Мауарди және де басқа мұсылман ойшылдарындағы сияқты, таңдауды сенімге ие болған арнайы мұсылман үмбетінің өкілдері (Улул-амр) жүзеге асырады. Ибн Таймия оларға арнайы талаптар қояды. Олардың тақуа, тәжірибелі және білімді болуы тиіс. Егер улул-амр барлық бұл талаптарға сай келмесе, онда лайықты билеуші сайланбайды да, бұл өз кезегінде мемлекеттің әлсіреуіне алып келеді.

Билеушінің (имамның) сайлауы алдын-ала шешіліп қоймай, әділ өтуі керек. Имамды сайлауда жерлік, рулық, ұлттық және басқа да субъективті критерийлер басшылыққа алынбауы тиіс. Ибн Таймия, егер имамдыққа ең лайықты адам таңдалмаса, бұл улу әл-амр үшін ауыр күнә болып табылатындығын айтады. Мұндай жағдайда имамның орнын лайықсыз адам иеленген болады және әділетсіздік орын алады. Егер улу әл-амрдың пікірі ең лайықты екі үміткерге тоқтап, таңдаудан қиналса, онда жеребе тасталып, ел басшылығына ең лайықты үміткердің бірі таңдалады (Ibn Teymiyye, 1985, pp. 37–43).

Ибн Таймия мемлекет басшысын (имамды) қасиетті заңның қорғаушысы ретінде ғана емес, бірінші кезекте оның орындаушысы деп санайды. Шариғат адамның жеке және әлеуметтік өмірінің барлық саласын қамтушы болып табылады. Шариғатты басшылыққа ала отырып, халықтың имамға бағынуы белгілі шарттармен жүзеге асады. Мемлекеттегі дүниелік және діни салалардағы тұрақтылық тұсында, басшыға қарсы көтеріліске жол берілмейді. Билікке қарсы көтерілісті тіпті ең тақуа тура адам басқарса да, оған еруге болмайды. Қоғамда орын алатын бейберекетсіздіктің зияны, көтерілістің пайдасынан көп болады. Ибн Таймияның бұл көзқарасы сол замандағы мұсылман қоғамында пайда болған бүлікшіл топтарға қарсылығынан айтылған сияқты.

Ибн Таймия билеушінің шариат белгілеген кейбір қызметтерді бұзған күннің өзінде, егер ол сыртқы жаумен соғысып, шекара бүтіндігін қорғап жүрсе, оған қарсы көтерілуге болмайды деп санайды. Осылайша, ол мұсылман қоғамының ұзақ мерзімді келешек пайдаларын, идеалды билеушіні билікке келтірудегі бір сәттік ұмтылысынан жоғары қояды (Laoust, 2021, p. 4). Бұдан ибн Таймияның кез-келген бүлікке, көтеріліске және төңкерістерге қарсы

болғандығын сенімді түрде айтуға болады. Ары қарай ибн Таймия, билеуші билікке келген соң, оның қоғамда дін ережелеріне негізделген тәртіп пен әлеуметтік әділдікті қолдауы міндетті деп жазады. Имам билігінің мақсаты мемлекеттің болу мақсаты секілді, діннің шынайы рухы мен Құдай заңының үстемдігі болуы үшін.

Мемлекеттің негізгі қызметі – діни заңдар негізінде халықтың құқықтарын қамтамасыз ету және әлеуметтік әділетсіздікті жою. Ибн Таймия мемлекет алдымен өз азаматтарының материалдық жағдайын жасауға міндетті деп санайды. Әр түрлі әлеуметтік төлемдермен, жұмыс ақысымен қамтамасыз етіліп, азаматтар арасындағы іскерлік қатынастарға мүмкіндіктер жасалуы керек. Сонымен қатар, мемлекет аурухана, көпір, жол т.б. сияқты қоғамдық объектілер құрылысымен айналысуы керек. Ибн Таймия билеуші әділдікті мүмкіндігінше қамтамасыз етуі керек деп санайды. Алайда идеалды басқаруды әрқашан орнату мүмкін емес екенін де мойындайды. Билеуші ең жақсы нәтижеге жетуге тырысу керек және бұл оның жауапкершілігі деп анықтайды (İbn Teymiye, 1985, pp. 43–51).

Ибн Таймия бойынша, мемлекеттің маңызды міндеттерінің біріне елдің экономикалық дамуына толық жағдай жасау жатады. Ол үшін азаматтарға қажетті экономикалық еркіндіктер берілуі керек. Бұл мемлекеттің барлық экономикалық көрсеткіштерінің өсуі мен азаматтардың әл-ауқатының артуына алып келу тиіс. Ибн Таймия азаматтардың іскерлік белсенділігін мемлекет тарапынан діни заңдарды бұзбаса, шектеу дұрыс емес деп санайды (Ekinci & Pilatin, 2025, p. 206). Ойшылдың әділеттілікке көзқарасы келесідей: «Әділдік – аспан мен жерді ұстап тұратын қағида. Мемлекеттің өмір сүруі де соған байланысты». Бұл тұжырым әділеттілік институтының тек жеке тұлға үшін ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік және саяси тәртіп үшін де ең маңызды институт екенін көрсетеді. Сондықтан Ибн Таймия әділ басқаруды жүзеге асырмайтын билеушілердің өмірі ұзаққа созылмайды деп мәлімдейді (İbn Teymiye, 1985, pp. 93–106).

Ибн Таймия мемлекеттің тағы бір маңызды қызметіне қорғану қабілеті мен сыртқы агрессиядан сақтану мүмкіндігін көтеруді жатқызады. Билеуші мемлекетті қорғау үшін соғысудан қашпауы керек деп санады. Өз өмірінде де сыртқы дұшпанға қарсы тұру үшін билеушілерді соғысуға шақырып, өзі де соғысқан кездері болды. Мысалы, 1303 жылы Дамаск қаласына басып кіруге дайындалып жатқан монғол билеушісі Ғазан ханға қарсы Ибн Таймия Мәмлүк сұлтаны әл-Мәлік ән-Насыр Мұхаммед ибн Қалауынмен (1293-1294; 1299-1309; 1310-1341 жж. билік құрған) кездесу үшін Каирге барады. Сұлтанның соғысуға құлықсыздығын көрген Ибн Таймия оны келесі сөздермен ескертеді: «Егер сіз Шамды соғыста қорғамасаңыз, біз бейбіт уақытта оның нығметтерінен пайдаланатын жаңа сұлтанды таңдаймыз» (Eryiğit, 2018, p. 13). Осы кездесудің нәтижесінде Ибн Таймия сұлтанды соғысуға көндіреді.

Ибн Таймия экономикалық, саяси және әскери сипаттағы мәселелерді шешудің негізгі базисі қоғамның этикалық және моральдық негіздерін бекіту деп санайды. Оның ойынша, діннің идеалдарына құрылған моральды ұстану, Құдайға шынайы құлшылық ету, әрбір азаматтың этикалық қасиеттерін дінге сәйкес қылуы, рұқсат етілгендермен жүріп, тыйым салынғандардан сақтануы қоғамдық өмірдің кез-келген саласындағы түрлі құқық бұзушылықтың орын алуына табиғи түрде кедергі болады. Мемлекет қоғамда күнә мен азғындыққа жол бермеудің барлық шараларын жасап, өз азаматтарын Құдайға бағыну рухында тәрбиелеуі тиіс.

Қорытынды

Әл-Мауарди ислам саяси ойының классикалық өкілі ретінде мемлекеттің тұрақтылығы мен қоғамдық тәртіптің сақталуын халифат институтымен тікелей байланыстырады. Оның пікірінше, мемлекет – діни міндеттердің орындалуын қамтамасыз ететін негізгі құрал. Басшының заңды болуы шарифат талаптарына сай әрекет етуімен және әділеттілікті

қамтамасыз етуімен айқындалады. Әл-Мауарди басқару құрылымын нақты құқықтық нормалармен жүйелеп, билік пен қоғам арасындағы қатынасты жауапкершілік қағидасына негіздейді. Осы тұрғыдан алғанда, оның мемлекет туралы көзқарастары исламдық құқықтық мемлекет концепциясының қалыптасуына елеулі үлес қосты. Әл-Мауарди ұсынған саяси модель кейінгі ислам ойшылдарына теориялық негіз болып, ортағасырлық мұсылман қоғамдарындағы басқару тәжірибесіне ықпал етті.

Ал Әбу Хамид әл-Ғазали мемлекет мәселесін моральдық-этикалық қырынан қарастырып, биліктің рухани негіздеріне ерекше мән береді. Оның ойынша, дін мен мемлекет бір-бірін толықтыратын екі тірек болып табылады: дін – негіз, ал мемлекет – сол негізді қорғайтын құрал. Басқарушының басты міндеті – әділет орнату, қоғамда тәртіп пен тұрақтылықты қамтамасыз ету және халықтың әл-ауқатын арттыру. Әл-Ғазали биліктің легитимділігін тек құқықтық нормалармен емес, билеушінің адамгершілік қасиеттерімен де байланыстырады. Осы көзқарастары арқылы ол ислам саяси ойында моральға негізделген басқару моделін ұсынды және мемлекет пен қоғам арасындағы үйлесімділікті сақтаудың маңызын көрсетті.

Ибн Таймияның мемлекет туралы көзқарастары шарифатты басқарудың басты өлшемі ретінде қарастыратын прагматикалық бағытты білдіреді. Ол мемлекетті мақсат емес, діннің қағидаларын жүзеге асыратын құрал деп түсіндіреді. Мемлекеттің заңдылығы билеушінің әділеттілігіне, шарифат нормаларын орындауына және қоғамдық мүддені қорғауына байланысты. Ибн Таймия қоғамның түзелуін жеке адамның діни және моральдық жауапкершілігімен байланыстырып, бидғат пен адасушылықтардан арылудың маңызын атап көрсетеді. Оның көзқарастары өз дәуіріндегі саяси және әлеуметтік жағдайларға жауап ретінде қалыптасып қана қоймай, кейінгі кезеңдердегі исламдық саяси және қоғамдық ойға терең ықпал етті.

Жалпы қорытындылай келе, әл-Мауарди, Әбу Хамид әл-Ғазали және Ибн Таймияның мемлекет туралы көзқарастары ислам саяси ойының әртүрлі қырларын ашып көрсететін, өзара сабақтас әрі бірін-бірі толықтыратын теориялық жүйелер болып табылады. Үш ойшылдың көзқарастарын салыстырмалы талдау ислам саяси дәстүрінде мемлекеттің тек билік құралы емес, діни, құқықтық және этикалық жауапкершілік жүктелген институт ретінде қабылданғанын көрсетеді. Осы тұжырымдар қазіргі заманғы ислам саяси ойы мен басқару мәселелерін ғылыми тұрғыдан зерделеуде маңызды теориялық негіз бола алады.

Авторлардың үлесі

Бірінші автор – мақала мәтінін жазу, әдебиеттерге шолу жасау, мәтінді редакциялау.

Екінші автор – мақала мәтінін жазу, техникалық рәсімдеу, хат-хабар жүргізу, мақаланы жүктеу.

Мүдделер қақтығысы

Авторлар мүдделер қақтығысының жоқ екенін мәлімдейді.

Әдебиеттер тізімі

Али-заде, А. (2004). *Божественная и земная власть в исламском мировоззрении*. Адильоглу.

Сандыбаев, Ж. (2020). Әл-Ғазали мен ибн Халдун философиясындағы сабақтастық мәселесі. *Адам әлемі*, 4(86), 62–70. <https://doi.org/10.48010/2020.4/1999-5849.06>

- Al-Ghazālī, A. (1988). *Al-tibr al-masbūk fi naṣīhat al-mulūk*. Dār al-Kutub al-‘Ilmiyyah.
- Al-Ghazālī, A. (2001). *Faḍā’ih al-Bāṭiniyyah*. Al-Maktabah al-‘Aṣriyyah.
- Al-Māwardī, A. (1979a). *Al-aḥkām al-sultāniyyah wa al-wilāyāt al-dīniyyah*. Dār Ibn Qutaybah.
- Al-Māwardī, A. (1979b). *Qawānīn al-wizārah wa al-siyāsah al-mulk*. Dār al-Ṭalī‘ah li al-Ṭibā‘ah wa al-Nashr.
- Alsuhaymi, A. O., & Atallah, F. A. (2025). Reason and Revelation in Ibn Taymiyyah’s Critique of Philosophical Theology: A Contribution to Contemporary Islamic Philosophy of Religion. *Religions*, 16(7), 809. <https://doi.org/10.3390/rel16070809>
- Anjum, O. (2012). *Politics, law and community in Islamic thought: The Taymiyyan moment*. Cambridge University Press.
- Breidy, V. (2025). The Role of Knowledge in the Caliphate System of al-Ghazālī: Is It an Element of Openness or Isolating Fundamentalism? *Religions*, 16(6), 765. <https://doi.org/10.3390/rel16060765>
- Ekinci, A., & Pilatin, İ. (2025). İbn Teymiyye’nin görüşlerinin devlet yönetimi ve sosyal yapıya etkileri. *Dicle Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü Dergisi* (40), 197–218. <https://doi.org/10.15182/diclesosbed.1655636>
- Eryiğit, Â. (2018). *İbn Teymiyye’de siyaset nazariyesi* [Doctoral dissertation, Ankara Üniversitesi].
- Helmiati, H. (2021). Nurturing Islamic and Socio-political Thoughts in Riau and Beyond: Exploring Raja Ali Haji’s Works. *Journal of Al-Tamaddun*, 16(2), 99–109. <https://doi.org/10.22452/JAT.vol16no2.8>
- Ibn Taymiyyah. (2005). *The decisive criterion between the friends of Allāh and the friends of Shayṭān* (Abū Rumaysah, Trans.; 2nd rev. ed.). Daar us-Sunnah Publishers.
- İbn Teymiyye. (1985). *Es-Siyasetü’ş-Şeriyye* (V. Akyüz, Çev.; 1. Basım). Dergah Yayınları.
- Laoust, H. (2021). *İbn Teymiyye’nin sosyal ve siyasal görüşleri üzerine bir deneme* (Vol. 1). Memfis.
- Salman, M. (2001). *Al-Māwardī wa al-ijtimā’ al-siyāsī*. Bayt al-Ḥikma.
- Şeker, K. (2008). *Gazalī’de Siyaset Düşüncesi* [Master’s thesis, Fırat University].

References

- Al-Ghazālī, A. (1988). *At-tibru al-masbuk fi nasihati al-muluk* [The preceding wisdom in advising kings]. Daru al-kutub al-‘ilmia. (in Arabic)
- Al-Ghazālī, A. (2001). *Fadaihu al-Batynija* [The infamies of the batinites]. al-Maktabatu al-Asryja. (in Arabic)
- Al-Māwardī, A. (1979a). *Al-ahkamu as-sultaniya ua al-uilajatu ad-diniya* [The ordinances of government and religious authorities]. Daru ibn Qutajba. (in Arabic)
- Al-Māwardī, A. (1979b). *Qauaninu al-uizarati ua as-sijasatu al-mulk* [Laws of the ministry and the policy of the power]. Daru at-tulajati lit-tybaati ua an-nashri. (in Arabic)
- Ali-zade, A. (2004). *Bozhestvennaja i zemnaja vlast’ v islamskom mirovozzrenii* [Divine and earthly authority in the Islamic worldview]. Adil’oglu. (in Russian)
- Alsuhaymi, A. O., & Atallah, F. A. (2025). Reason and Revelation in Ibn Taymiyyah’s Critique of Philosophical Theology: A Contribution to Contemporary Islamic Philosophy of Religion. *Religions*, 16(7), 809. <https://doi.org/10.3390/rel16070809>
- Anjum, O. (2012). *Politics, law and community in Islamic thought: The Taymiyyan moment*. Cambridge University Press.
- Breidy, V. (2025). The Role of Knowledge in the Caliphate System of al-Ghazālī: Is It an Element of Openness or Isolating Fundamentalism? *Religions*, 16(6), 765. <https://doi.org/10.3390/rel16060765>

- Ekinci, A., & Pilatin, İ. (2025). İbn Teymiyye'nin görüşlerinin devlet yönetimi ve sosyal yapıya etkileri [The effects of Ibn Taymiyyah's views on state administration and social structure]. *Dicle Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü Dergisi*, (40), 197–218. <https://doi.org/10.15182/diclesosbed.1655636> (in Turkish)
- Eryiğit, Â. (2018). *İbn Teymiyye'de siyaset nazariyesi* [Political theory in Ibn Taymiyyah]. [Doctoral dissertation, Ankara Üniversitesi]. (in Turkish)
- Helmiati, H. (2021). Nurturing Islamic and Socio-political Thoughts in Riau and Beyond: Exploring Raja Ali Haji's Works. *Journal of Al-Tamaddun*, 16(2), 99–109. <https://doi.org/10.22452/JAT.vol16no2.8>
- Ibn Taymiyyah. (2005). *The decisive criterion between the friends of Allāh and the friends of Shayṭān* (Abū Rumaysah, Trans.; 2nd rev. ed.). Daar us-Sunnah Publishers.
- İbn Teymiyye. (1985). *Es-siyasetü'ş-şeriyye* [The policy of the Shariah] (V. Akyüz, Trans.; 1st ed.). Dergah Yayınları. (in Arabic)
- Laoust, H. (2021). *İbn Teymiyye'nin sosyal ve siyasal görüşleri üzerine bir deneme* [An essay on Ibn Taymiyyah's social and political views] (Vol. 1). Memfis. (in Turkish)
- Salman, M. (2001). *Al-Māwardī wa al-ijtimā' al-siyāsī* [Al-Mawardi and political society]. Bayt al-Ḥikma. (in Arabic)
- Sandybaev, Zh. (2020). Al-Gazali men ibn Haldun filosofijasındayq sabaqtastyq maselesi. *Adam alemi*, 4(86), 62–70. <https://doi.org/10.48010/2020.4/1999-5849.06> (in Kazakh)
- Şeker, K. (2008). *Gazali'de siyaset düşüncesi* [Political thought in Ghazali] [Master's thesis, Fırat University]. (in Turkish)

Information about authors

Tungysh Abylov – PhD, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-7152-1802>, abylovtt@gmail.com

Bainur Yelubayev – PhD candidate, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-5438-9950>, bainur.yelubayev@gmail.com

Авторлар туралы мәлімет

Тұңғыш Абылов – PhD, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-7152-1802>, abylovtt@gmail.com

Байнұр Елубаев – PhD докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-5438-9950>, bainur.yelubayev@gmail.com

Сведения об авторах

Тунгыш Абылов – PhD, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0002-7152-1802>, abylovtt@gmail.com

Байнур Елубаев – PhD докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0002-5438-9950>, bainur.yelubayev@gmail.com